



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

**Парниктік газдар.САЛАЛАР БОЙЫНША ВАЛИДАЦИЯЛАУ ЖӘНЕ
ВЕРИФИКАЦИЯЛАУ САЛАСЫНДАҒЫ САРАПШЫЛАРДЫ
СЕРТИФИКАТТАУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

ҚР СТ

Стандарттың осы жобасы бекітілгенге дейін қолдануға жатпайды

**Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)**

Астана

Алғысөз

1 ӘЗІРЛЕП ЕНГІЗДІ

2 Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті Төрағасының 2023 жылғы «__» _____ №____ бұйрығымен **БЕКІТІЛІП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 Осы стандартта 2021 жылғы 2 қаңтардағы №400-VI ҚРЗ «Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің» нормалары іске асырылды

4 АЛҒАШҚЫ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

Нормативтік база (түпдереккөз) ретінде ҚР СТ ISO-14066-2016, «Жасыл Академия» ҒБО П-СРО стандарты, ЖШС СТ 130640013188 -2021 «Парниктік газдарды валидациялау және верификациялау жөніндегі персоналдың құзыреттілігіне және оларды сертификаттаға қойылатын талаптар» және 2022-2023 жылдары П-СРО құруды негіздеу кезінде ЕҚДБ-мен бірлесіп өткізілген «Жасыл Академия» ҒБО ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін пайдалану ұсынылады.

Осы стандартты әзірлеудің негізгі нормативтік базасы Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі, атап айтқанда, көміртекті реттеу саласына қатысты 281-304-баптар және ҚР СТ ISO-14065-2022-нің парниктік газдарды валидациялау және верификациялау жөніндегі органдардың «оқытуға мұқтаждығын айқындауды» көздейтін 7.3-тармағы болып табылады.

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толықтай немесе бөлшектеліп басылып шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды

Белгіленулер мен қысқарған сөздер

ПГВВ	Парниктік газдарды валидациялау және верификациялау
ПГ	Парниктік газ
П ОПС	Персоналдың сәйкестігін растау жөніндегі орган
ҚРКБҰЖ	Қазақстан Республикасының парниктік газдар шығарындыларына квоталар бөлудің ұлттық жоспары
ISO	International Organization for Standardization
IPCC	Intergovernmental Panel on Climate Change
UNFCCC	United Nations Framework Convention on Climate Change
ЖЭК	жаңартылатын энергия көздері
БҰҰ РКИК	Біріккен ұлттар ұйымының Климаттың өзгеруі жөніндегі негіздемелік конвенциясы
ҰКО	Ұлттық аккредиттеу орталығы.
ГАА	Газ айдау агрегаттары

Мазмұны

	Кіріспе	V
1	Қолданылу саласы	6
2	Нормативтік сілтемелер	6
3	Терминдер мен анықтамалар	7
4	Сертификаттау қағидаттары	13
5	Сарапшының құзыреттілігі	14
6	Сертификаттау әдістері	16
7	Парниктік газдарды валидациялау және верификациялау саласындағы персоналдың құзыретіне қойылатын салалық талаптар.	17
7.1	Электр энергетикасы саласының сарапшыларының құзыреттілігіне қойылатын талаптар	17
7.2	Тау-кен өндіру саласының валидаторлары мен верификаторларының құзыреттілігіне қойылатын талаптар	18
7.3	Металлургия саласындағы валидаторлар мен верификаторлардың құзыреттілігіне қойылатын талаптар	19
7.4	Мұнай-газ саласындағы валидаторлар мен верификаторлардың құзыреттілігіне қойылатын талаптар (мұнай және газ өндіру, тасымалдау, мұнай өңдеу)	20
7.5	Химия саласының валидаторлары мен верификаторларының құзыреттілігіне қойылатын талаптар	22
7.6	Өңдеуші саладағы валидаторлар мен верификаторлардың құзыреттілігіне қойылатын талаптар (құрылыс материалдарын: цементті, әкті, гипсті және кірпішті өндіру бөлігінде)	23
7.7	Салалық құзыреттерді ескере отырып, парниктік газдарды валидациялау, верификациялау саласындағы сарапшыларды сертификаттау бойынша емтихан өткізу қағидалары	24
7.8	Сарапшыларды сертификаттау жөніндегі сараптама комиссиясының мүшелеріне қойылатын талаптар	28
	А қосымшасы Салалар бойынша парниктік газдарды валидациялау және верификациялау жөніндегі сарапшылардың құзыреттілігін бағалау әдістері	29
	Библиография	30

Кіріспе

Осы стандарт парниктік газдарды валидациялау және верификациялау саласындағы сарапшылардың құзыреттеріне қойылатын салалық талаптарды белгілейді. Сарапшыларға қойылатын салалық талаптар ҚР Үкіметі бекіткен экономиканың мынадай секторлары: энергетика, тау-кен өндіру, химия, мұнай-газ, металлургия және өңдеу өнеркәсібі секторлары бойынша парниктік газдар шығарындыларына квоталар бөлудің ұлттық жоспарына (ҚР КБҰЖ) сәйкес айқындалған. 2024-2025 жылдары ҚР КБҰЖ-ға жаңа секторлар енгізіледі деп күтілуде, осыдан аталған стандартты жаңарту талап етіледі.

Осыған байланысты осы стандартты қолданысқа енгізу:

- парниктік газдарды валидациялау және верификациялау саласындағы сарапшылардың құзыретіне қойылатын салалық талаптарды айқындауға;

- парниктік газдарды валидациялау және верификациялау және көміртегі менеджменті саласындағы есептерді дайындау саласындағы кәсіпорындар экологтарының құзыреттеріне қойылатын салалық талаптарды белгілеуге;

- көміртек менеджменті саласындағы кәсіпорындар персоналының құзыретін арттыру бойынша оқу бағдарламаларына қойылатын салалық талаптарды белгілеуге;

- парниктік газдарды валидациялау және верификациялау саласындағы сарапшылардың құзыреттілігін сертификаттау әдістерін әзірлеуге;

- көміртек менеджменті саласында құзыретті персоналды іріктеу бойынша кәсіпорындарға жәрдемдесуге мүмкіндік береді.

Парниктік газдар.САЛАЛАР БОЙЫНША ВАЛИДАЦИЯЛАУ ЖӘНЕ ВЕРИФИКАЦИЯЛАУ САЛАСЫНДАҒЫ САРАПШЫЛАРДЫ СЕРТИФИКАТТАУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт экономиканың мынадай секторларында: тау-кен өндіру, металлургия, мұнай-газ (мұнай және газ өндіру, тасымалдау, мұнай өңдеу), химия, өңдеу (кұрылыс материалдарын: цементті, әкті, гипсті және кірпішті өндіру бөлігінде) өнеркәсібі секторларында парниктік газдарды валидациялау және верификациялау саласындағы сарапшыларды сертификаттауға қойылатын талаптарды белгілейді.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартты қолдану үшін мынадай сілтемелік стандарттау жөніндегі құжаттар қажет.

ҚР СТ 3.4-2017 Сәйкестік сертификаттарының, сәйкестік туралы декларациялардың нысандары және оларды толтыру тәртібі.

ҚР СТ ИСО МЭК 17000-2009 «Сәйкестікті бағалау. Сөздік және жалпы қағидаттар».

ҚР СТ ISO 14066-2016 Парниктік газдар. Парниктік газдарды валидациялау және верификациялау жөніндегі топтардың құзыреттілігіне қойылатын талаптар.

ҚР СТ ISO 14001-2016 Экологиялық менеджмент жүйелері. Талаптар және қолдану жөніндегі нұсқау.

ҚР СТ ISO 14065-2022 Қоршаған орта туралы ақпаратты валидациялау және верификациялау жөніндегі органдарға қойылатын жалпы қағидаттар мен талаптар.

ҚР СТ ISO 14064-1-2019 Парниктік газдар. 1-бөлім. Ұйым деңгейіндегі парниктік газдардың шығарындылары және сіңірілуі/жойылуы туралы сандық бағалау және есептілік жөніндегі талаптар мен нұсқау.

ҚР СТ ISO 14064-2-2019 Парниктік газдар. 2-бөлім. Парниктік газдардың шығарындыларын азайту және сіңіруді/жоюды ұлғайту туралы сандық бағалау, мониторинг және есептілік жөніндегі жобалаушыларға арналған талаптар мен нұсқаулық.

ҚР СТ ISO 14064-3-2019 Парниктік газдар. 3-бөлім. Парниктік газдар бойынша өтініштерге қатысты валидация және верификация бойынша талаптар мен нұсқаулық.

ҚР СТ ISO/IEC 17029-2020 Сәйкестікті бағалау. Валидациялау және верификациялау органдарына қойылатын жалпы қағидаттар мен талаптар

ГОСТ ISO/IEC 17024-2014 Сәйкестікті бағалау. Персоналды сертификаттау жөніндегі органдарға қойылатын жалпы талаптар

ГОСТ ISO/IEC 17065-2013 «Өнімді, процестерді және көрсетілетін қызметтерді сертификаттау органдарына қойылатын талаптар».

Сынақ және калибрлеу зертханаларының құзыреттілігіне қойылатын жалпы талаптар.

ГОСТ 16504-81 «Өнімді мемлекеттік сынау жүйесі. Өнімнің сапасын сынау және бақылау. Негізгі терминдер мен анықтамалар».

ҚР СТ ISO 14067-2019 Парниктік газдар. Өнімнің көміртегі ізі. Сандық бағалау бойынша талаптар мен басшылық нұсқаулар.

ҚР СТ ГОСТ Р ИСО 14044-2010. Экологиялық менеджмент. Өмірлік циклді бағалау. Талаптар мен басшылық нұсқаулар – Алғаш рет енгізілді.

ҚР СТ ИСО/ТО 14047-2010. Экологиялық менеджмент. Өмірлік циклдің әсерін бағалау. ҚР СТ ГОСТ Р ИСО 14042-2007 қолдану мысалдары –

Алғаш рет енгізілді.

«Жоба, 1-редакция»

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы стандартта ҚР СТ ISO 14050-2010, ҚР СТ ISO 14064-1-2019, ҚР СТ ISO 14066-2023, ГОСТ ISO/IEC 17024-2014, ISO 9000:2015-те берілген тиісті анықтамалары бар мынадай терминдер және төменде келтірілген терминдер мен анықтамалар қолданылады:

3.1 Базалық сценарий: Жоба болмаған кезде туындайтын жағдайларды сипаттайтын гипотетикалық базалық нұсқа.

3.2 Тоғыспалы тексеру: Аналитикалық модельді және оның тәуелсіз деректердегі қалпын бағалау әдісі.

3.3 Аударым коэффициенттері: Сол материалдың 1 тоннасының қанша тұратынын білу үшін 1 м³ материалдың бағасын көбейту керек сан.

3.4 Қос есеп: Ұйым қаражаты жағдайының әр өзгерісі жалпы балансты қамтамасыз ете отырып, кем дегенде екі бухгалтерлік шотта көрсетілетін бухгалтерлік есеп жүргізу тәсілі.

3.5 Газ талдағыштары: Газ қоспасының құрамын анықтауға арналған зертханалық жабдық. Үлгідегі газдардың сапалық және сандық қатынасын модельге байланысты ажыратады.

3.6 Масс-спектрометрлер: Магнит өрісі мен электр өрісіндегі иондардың қозғалыс физикасының заңдарын осы үшін қолдана отырып, масс-спектрді алатын вакуум аспап.

3.7 Газ хроматографтары: Күрделі газ заттарын монокомпоненттерге саралау арқылы талдауға арналған құрылғы.

3.8 Түгендеу: Парниктік газдардың түрлерін және олардың мөлшерін анықтау, сондай-ақ олардың шығарындыларының көздерін зерттеу жөніндегі іс-шаралар кешені.

3.9 Алқалық талқылау: Топтық шешім қабылдау процесі.

3.10 Деректерді статистикалық талдау: Алынған цифрлық деректерді бір-бірімен және басқа деректермен зерттеу және салыстыру, оларды жинақтау процесі.

3.11 Кәдеге жарату: Технологиялық циклдің әртүрлі кезеңдерінде — қайта пайдалану, өнім өндіру, энергия өндіру, жұмыстар жүргізу, қызметтер көрсету, қайта <https://plus-one.ru/%D1%83%D1%81%D1%82%D0%BE%D0%B9%D1%87%D0%B8%D0%B2%D0%BE%D0%B5-%D1%80%D0%B0%D0%B7%D0%B2%D0%B8%D1%82%D0%B8%D0%B5/pererabotka-othodov> өңдеуді және қайта пайдалануды қамтамасыз ету үшін қалдықтарды пайдаланумен байланысты қызмет.

3.12 Метан (CH₄): Табиғи газдың негізгі құрамдас бөлігі болып табылатын көмірсутек.

3.13 Ең үздік қолжетімді техникалар: Қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерін қамтамасыз етуге дейін шаруашылық қызметтің қоршаған ортаға теріс әсер ету деңгейін төмендетуге бағытталған ұйымдастырушылық және басқарушылық шараларды қамтамасыз ететін пайдаланылатын және жоспарланатын салалық технологиялар, техникалар мен жабдықтар.

3.14 Парниктік газдарды валидация және верификациялау жөніндегі сарапшы: Халықаралық және ұлттық стандарттарға сәйкес парниктік газдар шығарындыларымен байланысты деректер мен есептіліктің дәлдігін бағалайтын және растайтын маман.

3.15 Электр энергетикасы саласына қатысты терминдер мен анықтамалар

3.15.1 Өрт сөндіру сорғылары: Өрт сөндіру орнына су және өрт сөндіру заттарын беруге арналған құрылғы.

3.15.2 Авариялық генераторлар: Негізгі қуат көзін өшіру кезінде объектіні энергиямен қамтамасыз ету үшін қолданылатын автономды электр станциясы.

3.15.3 Отынның (көмір, мұнай және газ) сандық сипаттамалары мынадай параметрлерді қамтиды:

Көмір:

- Калориялығы – көмір жанған кезде бөлінетін жылу мөлшері;
- Күлділігі – көмірдегі минералды қоспалардың мөлшері;
- Ылғалдылығы – көмірдегі судың мөлшері;
- Күкірт – көмірдегі күкірт мөлшері.

Мұнай:

- Тығыздығы – көлем бірлігіне шаққандағы мұнай массасы;

- Тұтқырлығы – мұнайдың аққыштық қабілеті;
- Қату температурасы – мұнай қата бастайтын температура;
- Күкірт - мұнайдағы күкірт мөлшері;
- Бу тығыздығы – мұнайды қыздырған кезде пайда болатын будың тығыздығы.

Газ:

- Калориялығы – газ жанған кезде бөлінетін жылу мөлшері;
- Метанның мөлшері - газдың негізгі компонентінің мөлшері;
- Қоспалардың мөлшері – газ құрамындағы басқа газдардың (мысалы, этиленнің, пропиленнің және т.б.) мөлшері;
- Тығыздығы – газдың көлем бірлігіне шаққандағы массасы;
- Қайнау температурасы – газ сұйық күйге ауысатын температура.

3.15.4 Отынның сапалық сипаттамаларына тұтану температурасы, қату температурасы, тығыздық, күкірт пен басқа қоспалардың мөлшері, октан саны (бензин үшін) немесе цетан саны (дизель отыны үшін) және хош иісті көмірсутектердің мөлшері сияқты параметрлер кіреді. Отынның сапасы оның жану тиімділігіне, сондай-ақ берілген отынды пайдаланатын жабдықтың экологиялық қауіпсіздігі мен ұзақ мерзімділігіне әсер етеді. Өндірістің нақты қажеттіліктері мен талаптарына байланысты отынның әртүрлі түрлері үшін әртүрлі сапа стандарттары белгіленеді.

3.15.5 Отынның күлділігі: жанармай толық жанғаннан кейін қалған күлдің және оның жанғанға дейінгі жалпы салмағының пайызбен анықталатын мөлшері.

3.15.6 Көмір мен мұнайдың жұмыс ылғалдылығы – Отынның осы түрлерінің құрамындағы олардың жағу кезіндегі сапасы мен тиімділігіне әсер ететін су мөлшері. Көмір мен мұнайдың жұмыс ылғалдылығы отын үлгісіндегі судың массалық үлесін анықтауды немесе жанармайды жағу кезінде бөлінетін будағы ылғалдылығын өлшеуді қоса алғанда, әртүрлі әдістермен өлшенеді. Жоғары жұмыс ылғалдылығынан жанармай жағу тиімділігінің төмендеуіне және көмірқышқыл диоксиді мен метан сияқты парниктік газдардың жоғары деңгейдегі шығарындылары пайда болады. Сондықтан көптеген ұйымдар көміртегі ізін азайту мақсатында отынның барынша құрғақ түрлерін пайдалануға немесе оларды тұтынуды азайтуға тырысады.

3.15.7 Отынның жылу шығару қабілеті: Отын бірлігі толық жанған кезде бөлінетін жылу мөлшері. Ол килограммға джоульмен (J/kg) немесе килограммға килокалориямен (kcal/kg) өлшенеді. Отынның жылу бөлу мүмкіндігі неғұрлым жоғары болса, ол жанған кезінде соғұрлым көп энергия алуға болады. Мысалы, табиғи газдың жылу шығару қабілеті текше метрге шамамен 55-60 мегаджоуль (MJ/m³), ал көмір шамамен 24-29 MJ/kg құрайды.

3.15.8 Технологиялық шығарындылар: Отынның әртүрлі түрлерін, өндіріс және тұтыну қалдықтарын жағудықоса алғанда, әртүрлі

технологиялық процестерді пайдалану нәтижесінде пайда болатын атмосфераға ластаушы заттардың шығарындылары.

3.15.9 Қышқыл газдар: Құрамында салыстырмалы түрде көп мөлшерде күкірт, күкірт қосылыстары және CO_2 бар және сатуға жарамды табиғи газ.

3.15.10 Түтін газдары: Өндірістік немесе тұрмыстық процестердегі отынның жануынан пайда болған пайдаланылған газ тәрізді өнімдер.

3.16 Тау-кен саласына қатысты терминдер мен анықтамалар:

3.16.1 Темір кені: Темірді өнеркәсіптік алу орынды болған кезде темір мен оның қосылыстары бар табиғи минералды түзілімдер.

3.16.2 Түсті металдар кені: Құрамында ауыр түсті металдар, жеңіл түсті металдар және асыл металдар (алтын, күміс, платина және ауыр балқитын, жеңіл, сирек кездесетін металдар) бар кендер.

3.16.3 Бағалы металдар кені: Құрамындағы алтын, күміс, платина және платина тобындағы металдар ілеспе компоненттер болып табылатын бағалы металдар құрамды кендер.

3.16.4 Уату: Қатты заттардың бөлшектерін өзара байланыстыратын ішкі байланыс күштерін жеңетін сыртқы күштердің әсерінен оларды бұзу арқылы пайдалы қазбалардың мөлшерін азайту процесі.

3.16.5 Ұнтақтау: Кенді байытуға дейін оның ірі кесектерін азайтуға байланысты дайындау цикліндегі соңғы операция.

3.16.6 Пайдалы қазбаларды кептіру: Пайдалы қазбаларды кептіру (сусыздандыру) — материалдан, атап айтқанда пайдалы қазбаларды байыту өнімдерінен артық ылғалды кетіру операциялары.

3.16.7 Пайдалы қазбаларды сұрыптау: Шихталауға және орташалауға қарама-қарсы процесс. Пайдалы қазбаларды сұрыптау ауыр ортада және т.б. тікелей өндіру орнында — тазарту кенжарында немесе арнайы қазбада (пайдалы қазбаларды жерасты сұрыптау), сұрыптау қондырғысында беткі жағында, байыту фабрикасында елеу, кен бөлшектеу, радиометриялық немесе фотометриялық сепарациялау, байыту арқылы орындалады.

3.16.8 Пайдалы қазбаларды байыту: Бағалы компоненттерді алу және осы техникалық-экономикалық жағдайларда практикалық құндылығы жоқ бос жыныстар мен зиянды қоспаларды жою мақсатында минералды шикізатты механикалық өңдеу процестерінің жиынтығы.

3.16.9 Аффинаж: Өте таза асыл металдарды бөлу және ластаушы қоспалардан айыру арқылы алудың металлургиялық процесі. А. - металдарды қоспалардан тазарту түрлерінің бірі.

3.16.10 Жарылғыш заттар: Жылу шығару және газ тәрізді өнімдер түзу арқылы белгілі бір жағдайларда өте тез (жарылғыш) өздігінен таралатын химиялық түрленуге бейім химиялық қосылыстар немесе заттар қоспалары.

3.16.11 Кокс газы: Камералық пештерде көмірді айдау кезінде кокспен бір мезгілде алынатын көмір молекулаларының термиялық ыдырау өнімі.

3.16.12 Өндірістің аппаратуралық-технологиялық схемасы: Өндірістің бүкіл циклін немесе оның белгілі бір кезеңдерін ғана қамтитын технологиялық процестер жүретін аппараттардың дәйекті тәртіппен берілген суреттері.

3.17 Металлургия саласына қатысты терминдер мен анықтамалар:

3.17.1 Сазбалшық: 98% дейін Al_2O_3 альфа- және гамма модификацияларынан тұратын ақ кристалл ұнтақ.

3.17.2 Ферроқорытпа: Басқа элементтері бар темір қорытпалары (Cr, Si, Mn, Ti және т.б.).

3.17.3 Агломерат: Материалдардың, бастысы, ұсақ материалдар, негізінен кенді байыту концентраттары және шаң тәрізді кендер.

3.17.4 Түйіршіктер: Уатылған кен концентратының немесе шар пішінді шаң тәрізді кендердің кесектері. Кесектерге тиісті күш беру үшін оларды флюстер қосып күйдіреді.

3.17.5 Қара металдар: Темір және оның негізіндегі қорытпалар (болат, ферроқорытпалар, шойын).

3.17.6 Қорытпалар: Металл қасиеттері бар және кем дегенде біреуі металл болатын екі немесе одан да көп химиялық элементтерден тұратын материалдар.

3.17.7 Кен дайындау: Кейінгі қайта бөлу талаптарымен немесе дайын өнімге арналған нормативтермен айқындалатын гранулометриялық және заттық құрамдарды алу үшін кенді әр түрлі әдістермен өңдеу процестерінің жиынтығы.

3.17.8 Электролиттік алюминий – балқытылған алюминий тұздарын электролиздеу арқылы алынған металл алюминий. Бұл процесс өнеркәсіпте алюминий өндірудің негізгі әдісі болып табылады.

3.18 Мұнай-газ саласына қатысты терминдер мен анықтамалар:

3.18.1 Газ айдау агрегаттары: Газ айдау қондырғылары (ГАА) - газ құбырлары арқылы газды айдау үшін қолданылатын машиналар. Олар газды сығымдау қағидаты негізінде жұмыс істейді, онда газ көлемі азаяды және қысым артады. ГАА мұнай-газ өнеркәсібінде газды бір кен орнынан екіншісіне айдау үшін, сондай-ақ газ құбырлары арқылы газды ұзақ қашықтыққа тасымалдау үшін қолданылады.

ГАА ортадан тепкіш және плунжерлік түрлерін қоса алғанда, әр түрлі болуы мүмкін. Ортадан тепкіш ГАА газды ұстап, қысатын қалақтары бар ротордың айналуы негізінде жұмыс істейді. Плунжерлік ГАА цилиндр ішінде қозғалатын және газды айдайтын піспектерді пайдаланады. ГАА екі типі де артықшылықтары мен кемшіліктері бар және белгілі бір типті таңдау жобаның талаптарына байланысты.

3.18.2 Кокстеу: Қатты және сұйық жанғыш қазбалардың ауасына қол жеткізбестен жоғары температурада ыдырап, ұшпа заттар мен қатты қалдықты - коксты түзеді.

3.18.3 Баяу кокстеу: Қалдық ауыр мұнайды термиялық крекинг температурасына дейін қыздырудан тұратын процесс. Осылайша ауыр ұзын тізбекті молекулалар кокстеудің ауыр газойлі мен қатты мұнай коксі болып бөлінеді.

3.18.4 Фракциялау: Заттардың қоспасын кристалдау (фракциялық кристалдау) немесе дистилляциялау (фракциялық дистилляциялау) арқылы бөлу.

3.18.5 Мұнай құмы: Құрамында шикі битум шикі мұнайдың тығыз тұтқыр түрі бар құм және тау жыныстары.

3.18.6 Ауыр мұнай: Тығыздығы 20°API немесе одан аз шикі мұнай.

3.18.7 Илеспе газ: Мұнайда еріген немесе мұнай және газ конденсаты кен орындарының «қақпақтарында» болатын табиғи көмірсутекті газ (газдар мен бу тәрізді көмірсутекті және көмірсутекті емес компоненттердің қоспасы).

3.18.8 Крекинг: Жеңіл өнімдердің шығымдылығын арттыру және олардың сапасын арттыру үшін жүргізілетін мұнайды немесе оның фракцияларын деструктивті өңдеу процесі.

3.18.9 Риформинг: Түзу тізбекті көмірсутектердің тармақталған немесе сақиналы тізбекті көмірсутектерге айналуын анықтайтын процесс. Бұл әдетте жеңіл шикі мұнайдан немесе крекинг өнімдерінен жоғары октанды отын алуға бағытталған реакция.

3.19 Химия саласына қатысты терминдер мен анықтамалар

3.19.1 Техникалық көміртек: Көмірсутектердің ішінара жануы немесе термиялық ыдырауы арқылы алынатын жоғары дисперсті көміртеккі зат.

3.19.2 Ішінара тотығу: СО немесе элементтік көміртектің түзілуімен бірге жүретін химиялық процесс.

3.19.3 Толық тотығу: Көмірқышқыл қос тотығын, суды, азот тотықтарын, күкіртті және т.б. түзетін заттардың жануының химиялық процестері.

3.19.4 Каталитикалық тотығу: бұл қосылыстар катализаторларды қолдану арқылы тотығатын процестер. Жалпы қосымшаларға органикалық қосылыстардың ауадағы оттегімен тотығуы жатады. Бұл процестер ластаушы заттардан тазарту, құнды химиялық заттарды өндіру және энергия өндіру үшін жүргізіледі.

3.19.5 Газ синтезі: көміртегі мен сутегі монототығының қоспасы.

3.19.6 Күйдіру: Материалдардың немесе бұйымдардың фазалық және химиялық құрамын өзгерту (тұрақтандыру) және/немесе беріктігі мен жорымал тығыздығын арттыру, кеуектілігін төмендету мақсатында термиялық өңдеу.

3.19.7 Түгін газдары: Органикалық заттар жанған кезде бөлу көздерінде түзілетін газдар.

3.19.8 Технологиялық желдету: Өнеркәсіптік ғимаратты белгілі бір температурамен; ылғалдылықпен; айналым жылдамдығымен ауа массаларының арнайы белгіленген құрамымен қамтамасыз ету процесі.

3.20 Өңдеу саласына қатысты терминдер мен анықтамалар:

3.20.1 Клинкерді күйдіру: Клинкер өндірісінің соңғы технологиялық операциясы. Күйдіру процесінде белгілі бір химиялық құрамның шикізат қоспасынан төрт негізгі клинкер минералынан тұратын клинкер алынады.

3.20.2 Домнада балқыту: Домна пешінде шойын алу процесі.

3.20.3 Ағаш өңдеу: Ағаш өңдеу процесі, ағаш өнімдерін өндіру, сондай-ақ осы ұғымдарды қамтитын техникалық пәндер тобы.

3.20.4 Дәстүрлі пеш отыны: Қайталама айдалатын дизель фракцияларынан өндірілетін мұнай өнімі. Ол жақсы аққыштығымен және мұздату температурасының төмендігімен ерекшеленеді, дизель отынының арзан аналогы болып табылады.

3.20.5 Доломит: Карбонатты минерал, кальций және магний карбонаты ($\text{CaMg}(\text{CO}_3)_2$). Ол өзгертілген әктастарда шөгеді.

3.20.6 Магнезит: Карбонатты минерал, магний карбонаты.

3.20.7 Стехиометриялық қатынастар: стехиометрия заңдарына сай келетін, реактивті заттардың мөлшері арасындағы сандық арақатынас.

3.20.8 Кальцинациялау: Ұшпа қоспаларды кетіру, сондай-ақ тотықтыру және сынғыштық сапасын беру үшін қатты заттарды жоғары температураға дейін қыздыру процесі.

3.21 Емтихан процесіне қатысты терминдер мен анықтамалар:

3.21.1 Үміткер: Сертификаттау процесіне қатысуға жіберілетін, белгілі бір алғышарттарды орындаған өтінім беруші.

3.21.2 Сертификаттау: Үміткердің белгілі бір талаптарға, соның ішінде өтінім беру, бағалау, емтихан процесі, сертификаттау бойынша шешім қабылдау және мамандардың сәйкестігі мен құзыреттілігін растау үшін сертификаттар мен логотиптерді/белгілерді пайдалану талаптарын қоса алғанда, құзыреттілігін растау процесі.

3.21.3 Сертификаттау схемасы: Үміткердің құзыреттілігін растау бойынша сертификаттау рәсімін аайқындайтын тәртіп.

3.21.4 Құзыреттілік – алға қойған нәтижелерге қол жеткізу үшін білімді, біліктілік пен дағдыларды қолдану қабілеті.

3.21.5 Бағалау: белгілі бір адамның сертификаттау схемасының талаптарын орындауын бағалау процесі.

3.21.6 Емтихан: Сертификаттау схемасында ұсынылған бақылау арқылы жазбаша, ауызша және практикалық әдістерді қамтитын бір немесе

бірнеше тәсілмен үміткердің құзыреттілігін анықтайтын бағалау бөлігі болып табылатын тетік.

3.21.7 Емтихан алушы: Белгілі бір білім саласында біліктілігі мен құзыреттілігі бар және кәсіби пайымдауды бағалай алатын тұлға.

3.21.8 Біліктілік: Жеке қасиеттерінің, білімінің, дайындығының және/немесе еңбек тәжірибесінің дәлелдемесі.

4 Сертификаттау қағидаттары

4.1 Жалпы ережелер

Қағидаттарды қолданудың ПГ-мен байланысты ақпараттың сенімді және дәл екенін қамтамасыз ету үшін негізге алынатын мәні болады. Қағидаттар негіз болып табылады және осы стандарт талаптарды қолдану үшін нұсқау болып табылады.

4.2 Кәсібилік: сертификаттау осы салада жұмыс тәжірибесі бар білікті мамандар жүзеге асыруға тиіс.

4.3 Сенімділік: сертификаттау үміткердің нақты білімі мен дағдыларын бағалауға мүмкіндік беретін объективті өлшемшарттарға негізделуге тиіс.

4.4 Түсініктілік: үміткерлерге бағалау жүргізілетін талаптар мен өлшемшарттар нақты көрсетілуге тиіс.

4.5 Стандарттау: сертификаттау белгіленген стандарттар мен ережелерге сәйкес жүргізілуге тиіс.

4.6 Өзектілігі: сертификаттау талаптары еңбек нарығының және кәсіби стандарттарды дамытудың заманауи талаптарына сәйкес келуге тиіс.

4.7 Құпиялылық: үміткерлер туралы ақпарат қатаң құпиялылықпен сақталуға және тек сертификаттау мақсатында пайдаланылуға тиіс.

5.Сарапшының құзыреттілігі

5.1 Жалпы ережелер

Валидациялау немесе верификациялау жөніндегі сарапшының Квоталарды бөлудің ұлттық жоспарына, НҚА енгізілген экономика салалары бойынша белгіленген құзыретке сәйкес валидациялау, верификациялау бойынша жұмыстарды және парниктік газдар жөніндегі халықаралық стандарттардың талаптарын орындау үшін қажетті құзыреттілігі болуға тиіс (ҚР СТ ИСО 14066-2016, 3.1.4-т. қараңыз).

5.2 Білім, білік, дағды

5.2.1 Валидациялау немесе верификациялау жөніндегі сарапшының:

а) ПГ бойынша бағдарлама туралы білімі (ҚР СТ ISO17029-2020-ның 7.3.2-т. қараңыз);

б) техникалық білімі (осы стандарттың 6-т.);

в) деректер мен ақпарат аудиті бойынша білімі (ҚР СТ ISO14065-2022, 7.3.7-т. қараңыз);

г) парниктік газдар бойынша валидациялауға және верификациялауға, реттеуші талаптарға байланысты халықаралық және ұлттық стандарттар туралы білімі.

д) салалық сандық анықтамалардың тиісті әдіснамалары, мониторингілеу техникасы және жабдықты калибрлеу әдістері туралы білімі;

е) экономика секторларында парниктік газдар шығарындыларын азайту стратегиялары мен әдістері туралы білімі, таза технологияларды қолдану және жаңартылатын энергия көздерін пайдалану бойынша дағдылары болуға тиіс.

Тұрақты даму қағидаттарын және парниктік газдар шығарындыларын азайтуды кәсіпорындардың бизнес стратегияларына кіріктіру мүмкіндіктерін түсіну.

Парниктік газдарды валидациялауға және верификациялауға байланысты экономикалық және саяси аспектілерді, оның ішінде шығарындылармен сауда жасау тетіктері мен көміртегі нарығының схемаларын, парниктік газдар шығарындыларына квоталар бөлу жөніндегі ұлттық жоспарды (ҚР КБҰЖ) түсіну.

Аудиторлық дағдылар: валидаторлар мен верификаторларда процестер мен деректердің стандарттар мен талаптарға сәйкестігін тексеру үшін аудиторлық дағдылар болуға тиіс. Бұған тәуелсіз бағалау жүргізу, әдіснамаларды тексеру, құжаттаманы тексеру және деректер сапасын бақылау жасау қабілеті кіреді.

Коммуникациялық дағдылар: жазбаша және ауызша хабарламалар (есептер, хаттар, жазбалар, электрондық пошта, жиналыстар өткізу, сөз сөйлеу) арқылы ақпарат алмасу. Тиісті тілде және кәсіби деңгейде сұхбат жүргізу.

Өндіріс процестерінің блок-схемалары бойынша ПГ көздерін, сіңіргіштерін, жинақтағыштарын сәйкестендіре білу;

Жобаның негізгі сызығын сәйкестендіре білу және жаңа жобамен салыстыра алу;

Жобаны және базалық сценарийді және жобаның шекараларын бағалауда өндіріс бойынша білімін қолдану;

ПГ жөніндегі есептеулердегі белгісіздікті бағалауды жүргізу және ПГ шығарындыларын сандық бағалауға қатысты мәндердің таралуын түсіну (отынды есепке алу, шығарындылар коэффициенттері, жылу шығару мүмкіндігі, тотығу коэффициенті, отындағы көміртектің үлесі, өлшеу аспаптарының көрсеткіштері және т.б.);

ПГ шығарындылары көздерінің санаттары туралы ақпаратпен қызмет туралы деректердің сипаттамаларына, шығарындылар

коэффициенттеріне және басқа да бағалау параметрлеріне қайшы тексеру жүргізу;

Көшіруге байланысты қателерді анықтау үшін ПГ шығарындылары көздерінің әрбір санатынан кіріс деректердің (өлшеу немесе есептеу деректері) үлгісін қайшы тексеруді жүргізу;

Есептеу формулаларында өлшем бірліктерін белгілеудің дұрыстығын тексеруді жүргізу;

Есептеулердің басынан аяғына дейін өлшем бірліктерін пайдаланудың дұрыстығын тексеруді жүргізу;

Аударым коэффициенттерін тексеруді жүргізу;

Деректер базасын тексеруді және деректерді өңдеу кезеңдерін, деректердің ұсынылу дұрыстығын, деректер арасындағы арақатынасты, деректерді дұрыс сипаттауды бақылау жүргізу;

Қосарлама есеп пен белгісіздіктерді болдырмау үшін компанияның ішкі құжаттамасын бағалауды жүзеге асыру;

Өнім өндірісінің көрсеткіштеріне талдау жүргізу;

Өнім бірлігіне парниктік газдардың үлестік шығарындыларын есептеу;

Дереккөздердің барлық санаттары бойынша және базалық жылдан бастап барлық жылдар бойынша бағалардың ұсынылуына тексеру жүргізу;

Түпкөз санаттары бойынша деректер мен шығарындыларды бағалаудағы олқылықтарды айқындау және олардың тиісті құжаттамасын тексеру;

Газ анализаторлары, масс-спектрометрлер, газ хроматографтары және өлшеу жүргізу үшін парниктік газдар шығарындыларын модельдеуге, деректерді өңдеуге және нәтижелерді талдауға арналған компьютерлік бағдарламалар сияқты аналитикалық құралдармен жұмыс істеудің техникалық дағдылары болуы мүмкін.

Сектордағы парниктік газдарды валидациялау немесе верификациялау нәтижесінде туындайтын ықтимал тәуекелдерді бағалай алуы мүмкін;

6. Сертификаттау әдістері

6.1 Әдістер осы стандарттың А қосымшасында ұсынылған және мыналарды қамтиды:

6..2 Біліктілікті бағалау

Парниктік газдар бойынша валидаторлар мен верификаторларға қойылатын біліктілік және техникалық талаптар мынадай білім, дағды және тәжірибе жиынтығынан тұрады:

6.2.1 Верификаторлар мен валидаторлардың экология, климат, қоршаған орта, физика, химия, инженерия немесе басқа да байланысты пәндер бойынша жоғары білімі болуға тиіс. Тиісті секторлардың

технологиялық процестерінде парниктік газдардың бөліну көздері болып табылатын физикалық-химиялық өзара әрекеттесу мәнін түсінуге тиіс.

6.2.2. Парниктік газдар шығарындыларына мониторинг жүргізуді, ПГ шығарындыларын түгендеу жөніндегі есепті дайындауды немесе ПГ шығарындыларына аудит жүргізуді қоса алғанда, парниктік газдар бойынша экономиканың тиісті секторындағы жұмыс тәжірибесі.

6.3. Құзыреттілікті бағалау

Құзыреттілікті бағалау мыналарды ұсыну негізінде жүзеге асырылады:

1) валидациялау және верификациялау жөніндегі сарапшының соңғы 5 жылда халықаралық тренинг орталықтарының бағдарламалары шеңберінде 40 академиялық сағат көлемінде не ҚР ҚТРМ-де немесе парниктік газдарды валидациялау және верификациялау жөніндегі П СРО-да аккредиттелген ұлттық тренинг орталықтарында 80 сағат көлемінде оқудан өткені туралы растамасы.

2) аталған тақырып бойынша шетелдік және ұлттық ғылыми журналдардағы жарияланымдар. Рецензияланған ғылыми журналдарда ғылыми зерттеулердің нәтижелерін жариялайтын сарапшылардың құзыреттілік деңгейі жоғары болады.

3) кәсіби ұйымдарға мүшелігін растайтын құжаттар.

4) кәсіпорындарда валидациялау және верификациялау бойынша қызметі, орындаған жұмыстары туралы пікірлер.

6.4 Тестілеу

